

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي<sup>ء</sup>

البيبي

*ӘЛІПБИ*

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы  
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша  
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың  
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Құрастырушылар алқасы:** Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,  
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

**Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық.** – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-  
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020  
© «Арда + 7», 2020

**Емле.кз сайты** – электронды орфографиялық қор. Бұл қорда графика мен орфографияға қатысты теориялық мәліметтер мен сөздіктер орналастырылған. Сөздерді дұрыс жазу, дұрыс айту (дыбыстау) ережелері түсіндіріледі, яғни емле, тыныс белгілері, сөз сазы мәселелері қарастырылып, қазақ тілінің орфографиялық нормаларымен бірге орфоэпиялық нормалары да қатар жүреді. Сайттың басты мақсаты – жұртшылықтың нормаға сай дұрыс жазу мәдениетін көтеру, сауаттылығын арттыру. Сайт 8 блоктан тұрады. Олар: орфография, пунктуация, аббревиатура, әдеби тіл нормалары, сұрақ-жауап, мақалалар, кітапхана және іздеу блогы. Әдеби тіл нормалары блогында – сөз сазы, оның көркем әдебиет пен өмірдегі маңызы, ережелері мен қағидалары берілген. Сонымен қатар ұлттық тілдің өзге де жүйелері, атап айтқанда диалекті, ауызекі тіл, жаргон т.б. орналастырылған.

**«Емлемізді түзеу туралы»** – Қ.Басымұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылдың 22 қарашасындағы санында жарық көрген мақаласы. Мақала емле өзгерісі қарсаңында көптің талқысына ұсынатын пікір іспетінде жазылған. Автор Қазақстан жаңа әліпбешілерінің тұңғыш конференциясында емле мәселесі бірыңғай шешіле қоймағанын айта келіп, қазіргі кезде емлені түзету не үшін қажет болып отырғанын, басы ашылмай келе жатқан мәселелерді көрсетіп береді. Атап айтқанда: қазақ сөзі қандай жүйелі емлемен жазылуға тиісті екендігі; қазақтың емле жүйесінің сүйенер тірегі – кімнің тілі, қандай сөздің түрі болатындығы ашылмауы; емленің баспа тілі мен бұқара тілін бірлестіре алмауы, жат, кірме сөздерді әркім өз білгенінше неше түрлі құбылтып жазуы; сөздің жуан-жінішкелігіне қарай қосымшалардың қосылу жолдарының тұрақты негізделмеуі сияқты талас тудырып жүрген мәселелерді көрсете келіп, емлені түзетудің тиянақты тәсілдерін көрсетеді.

**Ең аз әрпі бар әліпби.** Ротокас әліпбиі латын жазуына негізделген бүгінгі қолданыстағы ең әрпі аз әліпби болып есептеледі. Әліпбиі базалық латын әліпбиінің 12 таңбасынан құралған, диакритикалық үстемелері жоқ: Созылыңқы дауыстыларды таңбалау үшін *aa, ee, ii, oo, uu* геминат (қосар) әріптер қолданылады.

**Ең көне әріп** – адамзат баласының жазу арқылы қарым-қатынас орната бастағалы қолданған әліпбилердегі әріп түрі. Әліпбилер мен оның құрамына енген әрбір әріптің де пайда болуынан бастап, өмір сүруі мен қолданыстан кетуіне дейінгі аралықта өмір тарихы бар. Ең көп қызмет көрсетіп келе жатқан «көнекөз» әріптер мен қолданысқа кейін енгізілген «жас» әріптер де болады. Әліпбилер мен әріптер тарихы жөніндегі көптеген дереккөздер ең көне әріп ретінде о әрпін көрсетеді. Бұл ақпарат Гиннесс рекордтар кітабында да тіркелген. О әрпі б.з.д. 1300 жылы алғаш финик әліпбиіне қабылданғалы бері оның пішіні өзгермеген және дыбыстық-әріптік жазуға негізделген әліпбилердің барлығында дерлік кездеседі.

**Ең көп әрпі бар әліпби.** Гиннестің рекордтар кітабы (1995 жылы) 74 әріптен тұратын Кхмер әліпбиін әлемдегі ең әрпі көп, үлкен әліпби деп көрсеткен. Кхмер тілі – Камбоджияның мемлекеттік тілі. Оның құрамына 33 дауыссыз, 23 дауысты және 12 тәуелсіз (деп аталатын) өзіндік сипаты бар дауысты кіреді.

**«Еңбекші қазақ» газеті** – 1921 жылдан осы атаумен, 1922 жылдан «Еңбекшіл қазақ» атауымен шығып тұрған қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті. Газетте М.Дулатовтың «Әліпше мен жазу ережелері туралы», Ж.Аймауытұлының «Жазу